

Дуанаева Ш.Е., Абишева Н.,
Жолмағанбетова М.

Экстремизмнің тұлғалық- психологиялық түптамырлары

Ұсынылып отырған мақалада қазіргі саяси-әлеуметтік кризистік жағдайларда өзекті орын алып отырған жағдайлардың бірі – діни және саяси экстремизм мәселесінің психологиялық жағы көтерілді. Біздер, өз мақаламыз арқылы, экстремистік бағытты ұстанатын тұлғалардың психологиялық өмірінің спецификалық ерекшелігін және тұлға сферасында кез келген әрекеттің орындалуына түрткі болып табылатын мотивациялық жақтарын тереңірек талдауға тырыстық. Экстремистердің эмоциялық күйлерінің негізінде экстремистік бағыттылық пен экстремистердің эмоциялық күйлерінің спецификалық ерекшелігін, олардың сыртқы өмірге деген қарым-қатынас сипатынан іздеуіміз қажет. Сонымен қатар, сыртқы әлемді қабылдауындағы ерекшеліктер мен оның өзара байланысындағы ерекшелікке де аса мән берілуі қажет жағдай. Экстремистердің ішкі сезімдерін түсіну үшін, біз, оның ішкі әлем ракурсынан оның қабылдануына және де оның сыртқы әлемді қабылдаудағы субъективті күйлерінің спецификасын талдауымыз қажет. Сонымен қатар, экстремистік идеялогиялық бағыттың қарамағына іліккен тұлғалардың эмоциялық ерекшеліктерін және олардағы осы эмоциялық күйлердің формаларына жеке тоқталады. Және де, қалыпты даму үстіндегі адекватты тұлғалар мен экстремистік идеялогияны ұстанатын тұлғалардың психологиялық өмір динамикасына салыстырмалы теориялық талдау жасалынды. Экстремизмнің спецификалық ерекшелігін түсіну үшін, біздер, бірінші кезекте, тұлғадағы экстремистік сенімнің спецификасына және осы сенімнің қалыпты сенімнен айырмашылығына талдау жасап алуымыз қажет. Ал ендігі кезекте экстремистік сенімнің спецификалық ерекшелігіне тоқталар болсақ, олардың сенімі мистикалық немесе интуициялық негізде қалыптасады, олар өз кезегінде, шындықты танудағы рационалды емес және логикалық негізсіз сипатта көрініс табады. Біз анықтап алуымыз қажет жағдай, экстремистік идеялогияның өзіне ғана тән спецификалық логикасы бар. Бұл логика шынайы фактілерден емес, жаңсақ наным мен жалған идеялардан құралған. Шындығында, фактілерді мүлдем қабылдамайды деп те айтуымызға келмейді, дегенмен, олар бұл фактілерді өз идеялогиясы мен дүниетанымына сәйкестендіріп өңдеп алады.

Түйін сөздер: экстремизм, экстремистік идеялогия, экстремистік конфликт, экстремистік фрустрация, экстремистік сана.

Duanayeva Sh.E., Abisheva N.,
Zholmaganbetova M.

Personal and psychological fundamentals of extremism

This article deals with the psychological aspects of the problem of religious and political extremism – one of the most urgent problems of modern political and social conditions, as well as analysis of the psychological characteristics of an individual prone to extremism, its motivational sphere determining extremist actions. Emotional characteristics and forms of emotional states of individuals belonging to extremist ideology are explained. Also, theoretical analysis of psychological lives' dynamics of individuals who adhere to extremist ideologies was conducted. In order to understand the specificity of extremism analyzed the specifics of extremist conviction of the person, its difference from the normal belief. The latter is usually called an active lifestyle, as well as extremist personality involves in practical realization of their beliefs, matching a person's behavior to his convictions. Active life position is expressed by ideological principles, consistency in defending their views, while the content is expressed by conscious attitude to public duty, morality, collectivism, creative approach to the work, belief in general, commitment and consistent implementation in the behavior of humanistic values. Specifics of extremist emotional experience creates a situation of frustration or conflict with several features. Conflict between the extremist beliefs and outside world, between the utopian ideal and usually distorted views about extremist is the basis of a critical situation, which determined specific emotional experiences of extremist.

Key words: extremism, extremist ideology, extremist conflict, frustration extremist, extremist consciousness.

Дуанаева Ш.Е., Абишева Н.,
Жолмағанбетова М.

Личностно-психологические основы экстремизма

В статье рассматриваются психологические стороны проблемы религиозного и политического экстремизма – одной из актуальнейших проблем современных политико-социальных условий, а также проанализированы психологические особенности личности, склонной к экстремизму, ее мотивационная сфера, детерминирующая экстремистские действия. Кроме того, раскрываются эмоциональные особенности и формы эмоциональных состояний личности, попавших в сети экстремистской идеологии. Также проведен теоретический анализ динамики психологической жизни индивидов, придерживающихся экстремистской идеологии. С целью понимания специфики экстремизма проанализирована специфика экстремистской убежденности личности, ее отличие от нормальной убежденности. Рассматривая специфику экстремистского эмоционального переживания утверждается, что оно порождается ситуацией фрустрации или конфликта, но с указанными авторами статьи особенностями. Основу критической ситуации, рождающей специфические эмоциональные переживания экстремиста, составляет конфликт между экстремистским убеждениями и внешним миром, т.е. между утопическими и обычно извращенными идеальными представлениями экстремиста о социальном устройстве и наличной социальной действительностью.

Ключевые слова: экстремизм, экстремистская идеология, экстремистский конфликт, экстремистская фрустрация, экстремистское сознание.

**ЭКСТРЕМИЗМНІҢ
ТҰЛҒАЛЫҚ-
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ТҮПТАМЫРЛАРЫ**

Экстремизмнің қалыптасуында үлкен рөлге ие болған мәселелердің бірі – тұлғалық-психологиялық факторлар және оның себептері. Оларға экстремистік әрекет етушінің тұлғалық мотивациялық сферасы, әрекеттік бағдарлары және сезімдері мен көңіл күйлері. Жүйелік әлеуметтік кризистік жағдайларда, сәйкесінше, барлық әлеуметтік топтарда эмоционалды-психологиялық уайымдауларға алып келеді. Осындай кризис нәтижесінде әлеуметтік топтарда әрдайым үдемелі психологиялық фрустрация күйі орын алады. Ендігі кезектегі мәселе, осы күрделі эмоциялық фрустрация күйінің пайда болу себебі, әлеуметтік топтардың, жекелеген азаматтардың өмірлік қажеттіліктерін және құқықтарын таптағандықтан деп пайымдауымызға болады.

Осы әлеуметтік фрустрация нәтижесінде амбивалентті, яғни, екі жақты сезімдер туындайды. Ол өз кезегінде: негативті абыржу күйін, шаршау, шешім таба алмау, қорқыныш, үрей және агрессия күйлерін тудырады.

Осындай эмоциялық комплекстер өз кезегінде адам әрекетінде экстремистік және радикалистік бағдарларды тудырып, «жау адамға» деген қатыгездік және басымдылық әрекеттерді қалыптастырады. Мұндай әрекеттер барлық қиындықтың себебін тудырып отыр деген топтарға бағытталады. Экстремистік әрекет бағдарлары бойынша мұндай шыдай алмайтын жағдайларды тек қана радикалды түзетулер арқылы немесе зорлық-зомбылық жолдары арқылы ғана шешіледі деп сенеді. Экстремистік әрекет бағдарларының туындау себептерінің бірі, құқықтық және құндылықтық нормативті заңдылықтар күшінің төмендеуі немесе мүлдем жойылуымен де түсіндіріледі.

Экстремистік әрекеттердің алғы шарты тек адамнан тыс, яғни, әлеуметтік-мәдени факторлар себебінен ғана емес, сонымен қатар, индивидтің ішкі себептерінен де туындауы мүмкін. Бұл мәселе көбіне индивидтің психофизиологиялық ерекшеліктері арқылы да анықталады. Қазіргі таңда белгілі болып отырған мәселе, фанатты террористік топтар әлемнің әр бұрышында шашырап жүр, олар өз әрекеттерінің идиологиялық негізіне соншалықты мән беріп жүрген жоқ. Олар үшін нақты әрекеттер идеологиядан қарағанда әлдеқайда маңыздырақ [1]. Француздық социолог Э.Морен атап кеткендей, қазіргі қоғамдағы зор-

лық-зомбылық мәселесі тек социологиялық проблема ғана емес, ол психологиялық та проблемаға айналды [2].

Сурақтың осылай қойылуынан біздің түсінетініміз, экстремистік сананың дамуында субъективті фактордың алатын үлес салмағы қаншалықты екендігін анықтай аламыз. Осы факторлар арасында ерекше атап өтетіндеріміз, экстремистік көзқарастың қалыптасуындағы эмоционалды-сезімдік және құндылықты-психологиялық моменттер. Осыған байланысты келесідей абстрактілі тізбекті көрсетуімізге болады: өмірді түсінуде өзіндік ерекшелігі бар экстремистік тұлға типі – осының негізінде дами түсетін экстремистік ойлау – және экстремистік ойлаудан модель алатын экстремистік әрекет. Әлеуметтік шарттардың осы мәселеде әр түрлі болғанына қарамастан, экстремистік «трассамен» қозғалу логикасы өзгермейді. Экстремизм міндетті түрде моральді регоризм мен идеялық сипаттан этикалық релятивизмге, тіпті, ценнизмге ауысады. Бұдан түсінетініміз, экстремизмге бейім тұлғаларда қабылдаудың және сезгіштіктің табалдырықтары өте жоғарғы көрсеткішке ие. Сонымен қатар, мұндай тұлғалардың эмоциялық сфераның мәдени қалыптасуы да бірқатар ерекшеліктерге ие.

Осылайша, экстремизмді тұлға бойындағы кездесетін жағымсыз сипаттағы «талант» тәрізді деп қарастырсақ та болады. Бұл экстремистікке бейімділіктің бастаулары субъектінің табиғи қасиеттерінде, жүйке жүйесінде және де психиканың белгілі бір бөліктерінде де жатыр деп қарастыруымызға болады. Бірақ мына бір мәселені де естен шығармауымыз қажет, экстремистікке деген бейімділік субъектіге тек нышандар түрінде ғана беріледі де, тұлға қалыптасуында қандай әлеуметтік мәдени орта әсер ететіндігі де шешуші факторды иемденеді. Дегенмен де, тұлғаның әлеуметтенуі және индивидуализациялануы сыртқы орта әсерімен болатындығын ескеретін болсақ, экстремизм сияқты феноменнің де табиғатын ұмытпауымыз қажет.

Энрико Ферри өзінің «Қылмыстық әлеуметтану» деген жұмысында көрсетіп өткені, «қылмыстық типті» сипаттайтын антропобиологиялық аномалия тек осы топтағы субъектілерде ғана емес, ол басқаша формада да сипатталынуы мүмкін, мысалы, адам өмір сүруінің биологиялық және әлеуметтік мақсатының сәйкес келмеуімен де түсіндірілуі мүмкін [4].

Экстремистік ойлау тәсілі бойынша қалыпты логикалық заңдылықтарды бұзып, қалыпты ғылыми ойлау әрекетінен ауытқиды. Осы экстре-

мистік логиканың негізінде, олар әлемді төменгі бинарлы призмадан қарап, барлық нәрсені жақсы не жаман, шын не өтірік деп когнитивтік картаның диапазонын тарылтып тастайды. Осы тұста, мынадай маңызды мәселені айта кетуді жөн көріп отырмыз, қоғамдық ортаны, өзге адамдарды, қоғамдағы орын алып отырған жағдайларды тану, өңдеу немесе қабылдау барысында адамдардың когнитивті-конструктивті картасының алар орны ерекше. Айтпақ ойымыз, әр индивидтің өмірлік тәжірибесіне, алған білімі мен тәрбиесіне байланысты ұғымдар жүйесі қалыптасады. Осы ұғымдар жүйесінің қалыптасуында белгілі бір қателіктердің орын алуынан немесе алған білімнің адекватты қолданбауынан адамдар қателіктерге немесе түсінбестіктерге жолығады. Адамдардағы осы ұғымдар жүйесінің диапазоны индивидуалды болып қалыптасады. Экстремистік идеология ұғымдар жүйесін экстремистік әрекетке бейім тұлғаларға ұтымды жолмен әсер етіп отырады. Яғни, осындай индивидтердің әлсіз тұстарына, дәлірек айтқанда, когнитивті картасына негативті әсер ете алады.

Белсенді өмір позициясын ұстанатын адамдар өз көзқарастарын дәлелдеуде белгілі бір икемділік, ептілік таныта алады, ал экстремистер үшін мұндай икемділік те, әлемді танудағы терендік те тән нәрсе емес. Өзіміз байқағандай, экстремистік сенім мен белсенді өмір позициясын ұстанғандар арасындағы айырмашылық айтарлықтай екі түрлі, өз сенімдерін жүзеге асыруы жағынан да оның қалыптасуы жағынан да өзіндік ерекшеліктерге ие екеніне көзіміз жетті [2].

Экстремистердің логикасына негіз болатын объективті шындықтың (фрейдтік «Мен» принципі) тіркелуі және қоғамдық мораль нормалары да (фрейдтің «Жоғарғы Мен» принципі) емес, тек ләззат алу принципі (бейсаналық). Бұл акценттелген конфликтілі логика және де екі жақты бір сәтте қарсыластыратын дихотомиялық салыстыру болып табылады.

Сонымен, экстремистік бағытталған идеологияны өз тұлғалық қасиетінің мотивациялық-әрекеттік сферасына қабылдап алған адамды, психологиялық тұрғыдан сенімі экстремистік мазмұндық сипатта деп айта аламыз. Осы құрылымдық бағыттағы маңызды рөлді алатын мәселе, ол өмірлік жағдайды және де әлеуметтік құндылықты өзгертуге деген экстремистік қажеттілік. Яғни, белгілі бір дәрежеде олар өздерін әлеуметтік жағдайды өзгертетін реформатор сезінеді. Экстремистік бағыттағы әрекеттің жүзеге асу механизмі ерекше эмоциялық күймен және ерекше әрекеттік актімен байланысты.

Жалпы эмоциялық күй – «адамның сыртқы ортадағы жағдайларға, өз өмірінде орын алып отырған жайттарға және өмірді тануға деген ішкі қатынасы...» [6]. Эмоциялық күйлердің негізінде адам әрекетіндегі тікелей тұлға мен сыртқы әлем арасындағы өзара байланыс жатыр.

Өмірлік әлем – бұл адамның әлеуметтік және физикалық әлемде шынайы өмір сүруінің психикалық күйі. Ол өз кезегінде «ішкі әлем» ұғымын да өзіне қатыстырып алады, яғни, адам әрекетін бағыттап тұратын қажеттіліктер жүйесін, мотивтер, сенімдер мен мақсаттарды қамтиды. Сонымен қатар, «сыртқы әлем» – әлеуметтік және объективті шындықты танудағы адамның оларға деген қарым-қатынасы. Экстремистің біз қарастырып отырған өмірлік әлемі арқылы түсінгеніміз, сыртқы әлем мен оны субъективті қабылдаудағы шындықтар арасында айтарлықтай спецификалық айырмашылықтарды аңғарып отырмыз. Демек, экстремистік идеологияның жүзеге асуын қадағалайтын нақты механизмнің бар екендігін аңғардық. Ол өз кезегінде тұлғаға қиын жағдай процесі алдына алып келеді. «Қиын жағдай, жалпы қарастырғанда, шешімі жоқ критикалық ситуация деп анықталады, демек, ол сондай жағдай, адам өз өміріндегі ішкі рухани қажеттіліктерді іс жүзінде жүзеге асыра алмайтын мотивтер, талпыныстар мен құндылықтар болып табылады» [7].

Осындай критикалық ситуациялардың төрт типін бөліп көрсетуге болады: стресс, фрустрация, конфликт және кризис. Стресс өз кезегінде, ағзаға сыртқы орта стимулдарының спецификалық әсер етуі барысында туындайтын реакциясы деп түсіндіріледі. Нақтырақ айтқанда, тұлғаның өмірлік және виталды қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында туындайтын қиын жағдайлар деп те айтуымызға болады. Ол эмоциялық қысымды тудырып, туындаған қиындықтан кейін адам әрекетін не белсендендіреді не әлсіретеді.

Фрустрация мәні – белгілі бір мақсатқа жетудегі адам әрекет мотивінің қарқындылығы мен сыртқы кедергілердің соқтығысы. Мақсатқа жетудегі ұмтылысқа кедергілер: физикалық, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік-мәдени болуы мүмкін.

Критикалық ситуацияның үшінші типі – адамдардың мақсаттары мен қызығулықтары арасында туындаған соқтығыстың нәтижесі ретіндегі конфликт. Бұл критикалық ситуацияның спецификалық ерекшелігі, екі жақтың да қызығушылықтарының, мақсат-мүдделерінің жан-жақты ойлануы, яғни, ол үшін конфликт

жағдайы тұлғаның санасының белсенді жұмыс істелуін талап етеді. Экстремист өз іс-әрекетінде өзге қалыпты адамдармен байланысқа түскенінде оның ойын, қызығушылықтарын қабылдамағандықтан, тіпті қарсы пікір айтқандықтан белсенді түрде қарсылық танытып, конфликтілі ситуацияға дейін алып барады [5].

Экстремистік конфликтінің спецификасы сонда, ол біріншіден, өмірді қабылдаудағы конфликт, яғни, идеологиялық конфликт. Екіншіден, әдетте, экстремистердің конфликтілері тек сыртқы сипатқа ие, яғни, қалай дегенмен де ол өз оппонентінің мақсат-мүдделерін, мотивтерін сол оппонент позициясында түсіне алмайды, іштей салыстырып, саралау қабілетінен кенде.

Экстремистің ішкі әлемі қарапайым әрі шиеленіспеген сипатта. Сондықтан, мақсат-мүддесі өзге болған кез келген адамды олар жеке тұлға ретінде емес, сыртқы кедергі, оппонент ретінде ғана қабылдайды, ондайларды тек физикалық жолмен жолдан алып тастап отыру қажет деп есептейді. Демек, экстремистер үшін конфликтілер, соншалықты бір жан күйзелтетін дүние емес, оны шешудің жалғыз ғана моделін қолданады, ол – жауыздық [6].

Экстремистердің эмоциялық күйлерін қарастыра келе, эмоциялық қобалжу күйі оларда тек фрустрация және конфликт жағдайында туатындығын түсінгендей болдық.

Егер экстремистердің ішкі әлемін, жоғарыда айтып өткендей қарапайым деп алатын болсақ, онда сыртқы әлем олар үшін шиеленіскен, күрделі бір жүйе тәрізді көрінеді. Яғни, ішкі және сыртқы әлемдер арасындай қарама-қайшылықтар бар. Дәл осы тұс, экстремистердің өмірлік спецификалық қобалжуларын анықтайды. Өз жоспарлаған әрекетін іс жүзінде жүзеге асыру үшін ол өзіндегі барын салады, кез келген тәуекелді саналы тұрғыда алдын ала талдайды, кез келген нысан қолжетімді [8]. Экстремистік қобалжу күйінің спецификалық ерекшелігін нақтылау үшін, тағы да қоса кететін мәселе, әлемнің тез арада өзгеруіне деген қажеттілік, яғни, өзі қалағанындай өзгеруі.

Экстремистердің қысымға толы өмір әрекетін бағалай келе, объективті түрде біздің көре алатынымыз, ол өзінің реформаторлық мақсатын жүзеге асыра алмайды, осылайша, ол өзінің базалық қажеттілігін іс жүзінде қанағаттандыра алмайды. Бірақ, барлық қалыпты адамдар тәрізді, экстремистер үшін де өз мақсат әрекетінің іс жүзінде орындалғанын білу маңызды. Экстремистердің шындығында іс жүзінде орындалмайтын

иллюзияларының психологиялық мынадай компенсаторлы механизмдері бар:

– қажеттіліктердің және мақсаттардың орындалуын толығымен дерлік болашақтан күтуі (айта кететіні, мұндағы діни сипаттағы экстремист болашақ ретінде тіпті физикалық өмірден тыс болашақты да есепке алады);

– суррогатты компенсация, адекватты идеаларды экстремистік бағыттағы формаға бұрмаланған сипатта ауыстыру. Ішкі әлемі қарапайым болған экстремист өз қажеттілігінің қандай да болмасын аз көлемде қанағаттандырылуына разы бола бермек [9].

Діни-саяси сипаттағы экстремистердің эмоциялық күйлерін спецификалық ерекшелігін талдай келе біз мынадай сұраққа жауап беруіміз қажет: олардың эмоциялық қобалжуларының спецификалық модалдығы қаншалықты? Мазмұны жағынан экстремистердің эмоциялық күйлері қандай?

Жалпы алғанда, нақты ситуацияларға байланысты туындайтын модалдықтардың жинағын таба аламыз, дегенмен де, басымдылыққа ие болатындары: қорқыныш, жиіркену, ашу және бұрмаланған қуаныш сезімдері. Экстремистердің базалық эмоциясы ретінде, әрине, қорқыныш екендігін білеміз. Ол осы ниет-қалауын реализациялау үшін агрессивті мінез-құлық көрсетуден бас тартпайды. Өз кезегінде қорқыныш эмоциясы күмандану мен жиіркену сияқты эмоцияларды туғызады, мұндағы ашу, өз идеяларын қолдамайтын, қарсылық танытатын «жақсы емес» адамдарға қатысты [3].

Экстремистер жалпы қоғам қабылдамайтын, қолдамайтын жағдайда өмір сүретіндіктен, олардың бойындағы осы эмоциялар басымдылыққа ие. Бірақ, кез келген тұлға сияқты, экстремистер де жағымды, позитивті эмоционалды күйге біршама тәуелді, яғни, адам өмірінде позитивті эмоция негативті эмоцияға қарағанда көп болуы керек.

Ал ендігі кезекте орынды сұрақ туады, экстремистер позитивті эмоцияны қайдан алады? Бұл қаншалықты парадоксалды болса да, олар мұндай позитивті эмоцияны сол негативті эмоцияның өзінен алады. Әлемде орын алып отырған бұзғындық жағдайлар мен негативті процестер оларға қанағаттану мен бұрмаланған рахаттану эмоцияларын береді [8].

Қорытындылай келе, экстремистердің эмоциялық қобалжу күйлерін анализ жасауда мынадай сұрақ туады: экстремистік эмоциялық қобалжу күйлерінің негізгі формалары немесе эмоциялық күйлерінің түрлері қандай деген.

Экстремистік қажеттіліктер мен бағыттарды қанағаттандыру барысында туындайтын барлық психикалық эмоционалды күйлер табиғи түрде белсенді болып отырады. Мұндағы біздің көретініміз экстремистік: сезім, эмоция, көңіл-күй, аффектілер.

Олардың сезімдер жүйесіндегі мынадай негізгі дегендерін бөліп көрсетуге болады: өз идеясына деген махаббат; осы шынайы идеяның бастамасы болып отырған субъектілерге деген кіршіксіз махаббат; өз идеясын қолдап, қабылдамағандарға деген жек көру сезімі.

Экстремистердің эмоциялық қобалжулары психика үшін қауіпті және бұзушы сипатта болғандықтан, тұлғаның психикалық энергиясын немесе қуатын деп айтсақ та болады, азайтады. Олардың эмоциялық өмірінің динамикасы турасында айтар болсақ, белгілі бір уақыттарда, жағдайға байланысты қозу күйі, аффективті күйлер және аффекіден кейінгі релаксация күйі орын алады.

Қалыпты жағдайдағы тұлғалардың эмоционалды психикалық өмірінің динамикасының қалыптасуы немесе реттілігі психикалық күйлердің ауысып, кезектесіп отыруымен болады, яғни, эмоциялық қозу (қатты уайымдағанда), өлшемі бар релаксация және бір қалыпты күйлер арасында бір реттілікпен көрінеді. Мұндағы бір қалыптылық ол басымдылыққа ие болады да, эмоциялық қозу және де релаксация күйі де уақыты бойынша жылдам өтіп кететін сезімдер болып табылады. Ал экстремистердің эмоциялық өмір динамикасында эмоциялық қозу күйі басымдылыққа ие де, керісінше, бір қалыпты эмоциялық күй жылдам тарқап кетіп отырады. Энергиялардың сақталу қорлары олардың психикалық әрекеттерінің тар көлемде болуымен компенсацияланып отырады. Мұндай кезде экстремистік тұлғаның деградациялануы мен экстремист психикасының индуктивті жылдамдату механизмі іске қосылады [10].

Экстремистердің эмоциялық өмірінің динамикасында үлкен рөлге ие болған күшті эмоциялық күй – аффектілер. Мұндағы айта кететін жағдай, қалыпты тұлғалардың өмірінде оқыс жағдайларда ғана болатын аффектіге қарағанда, экстремистердегі аффект басқаша сипатқа ие. Оларда, көбіне саналы түрде жоспарланған немесе индукцияланған сипатта көрініс табады. Жүйелі түрде наркотикалық заттарды қолданатын наркокомандар тәрізді, экстремистер де аффективті күйді белгілі бір периодтарда қажетсініп отырады [4].

Экстремистік эмоциялық күйлердің пайда болуының негізі, біріншіден, тарихи-әлеуметтік себептерге байланысты, дегенменде, мұнда индивидуалды психологиялық бейімділіктің де алар орны бар екендігін біз жоғарыда атап өткенбіз. Яғни, ол шектен тыс қабылдап алу, қозу және эмоциялық процестердің күші. Сонымен қатар, мұндай бейімділіктің болуы тұқым қуалаушылық та емес, жоғарғы жүйке жүйесінің бұзылуы да емес, ол тұлғаның осындай сәтсіз

ортада қалыптасуы мен әлеуметтік тәрбие барысындағы жіберілген олқылықтардың салдарынан орын алатын мәселе.

Сонымен, экстремистердің санасы объективті шындықты адекватты түрде қабылдай алмағанынан бөлек, олар ол үшін тіпті тырысып әрекет те жасамайды. Мұндай адекватты немесе шынайылықты қабылдау олардың ұстанатын сенімдерін, принциптері мен бағдарларын әлсіретеді.

Әдебиеттер

- 1 Креншо М. Терроризм и международное сотрудничество: Реферат ИНИОН АН СССР. – М., 1990. – С. 6.
- 2 См.: Грачев А.С. Политический терроризм: Корни проблемы. – М., 1982. – С. 8.
- 3 См.: Витюк В.В., Эфилов С.А. Левый терроризм на Западе: История и современность. – М., 1987. – С. 262.
- 4 См.: Лазурский А.Ф. Классификация личности // Тайна порока. – Харьков, 1995. – С. 70.
- 5 Общая психология / Петровский А.В., Брушлинский А.В. и др. – М., 1986. – С. 205.
- 6 Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология. – М., 1998. – С. 316.
- 7 Василюк Ф.Е. Психология переживания. Анализ преодоления критических ситуаций. – М., 1984. – С. 31.
- 8 Василюк Ф.Е. Психология переживания. Анализ преодоления критических ситуаций. – М., 1984. – С. 107.
- 9 Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология. – М., 1998. – С. 322.
- 10 Адорно Т. Исследование авторитарной личности. – М., 2001. – С.183.

References

- 1 M. Crenshaw Terrorism and International Cooperation: Summary INION USSR. – M., 1990, p 6.
- 2 See .: Alexander Grachev Political terrorism: The roots of the problem. – M., 1982. – S. 8.
- 3 See .: Vityuk VV, esters SA Communist terrorism in the West: Past and Present. – M., 1987. – S. 262.
- 4 See Lazurskii .: AF The classification of personality // secret vice. Kharkov, 1995. – 70 pp.
- 5 General Psychology / Petrovsky AV, AV Brushlinskii and others.– M., 1986. – S. 205.
- 6 Petrovsky AV, Yaroshevskii MG Psychology. – M., 1998. – S. 316.
- 7 Vasilyuk FE Psychology experiences. Analysis of overcoming critical situations. – M., 1984, – P. 31.
- 8 Vasilyuk FE Psychology experiences. Analysis of overcoming critical situations. – M., 1984. – S. 107.
- 9 Petrovsky AV, Yaroshevskii MG Psychology. – M., 1998. – S. 322.
- 10 T. Adorno's authoritarian personality study. – M., 2001. – P.183.